

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 7-1/822 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қазанда № 12180 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы *С. Омаров*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 232 (28455) санында жарияланған):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже» деген 1-қосымшада:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау Заңның 14-1-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерге (тұлғаларға) қатысты жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарының талаптарын сақтау тұрғысынан жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау Заңның 14-1-бабының 2-тармағында көрсетілген объектілерге (тұлғаларға) қатысты жүзеге асырылады.» ;

8-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді .

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары» деген 6 - қ о с ы м ш а д а :

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Құжаттамалық бақылауға:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық ілеспе құжаттың (ветеринариялық сертификаттың) болуын;

2) ветеринариялық сертификатты толтырудың дұрыстығын (толықтығын);

3) экспорттаушы елдің құзыретті органының қолдары мен мөр бедерінің болуын;

4) ветеринариялық сертификатта орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтердің болуын;

5) Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметтер мен

импортқа, экспортқа, транзитке рұқсат нөмірінің нысаны «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Тиісті аумақта эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында көзделген тізілімінен алынған үзінді көшірме деректеріне сәйкестігін тексеру кіреді.»;

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидаларына қосымшада: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын, импортын, транзитін тіркеу журналы»;

2. «Ветеринариялық препарат пен жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10287 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық препарат пен жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу қағидаларында:

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, комиссия төрағасының орынбасары;»;

3. «Эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 7-1/618 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10021 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларында:

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сол немесе өзге әкімшілік-аумақтық бірліктерде, шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлардың эпизоотиялық саламаттылығын қамтамасыз ету және жануарлар аурулары қоздырғыштарының таралу факторларының алдын алу, жою

немесе азайту мәселелері бойынша ұсыныстар қалыптастырады;»;

4. «Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 7-1/619 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10028 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларында :

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Ағымдағы дезинфекцияны сыртқы орта объектілерінің патогенді микроорганизмдермен контоминациясын төмендету және өндіріс объектісінің ішінде жануарлардың қайта жұқтыру және одан тыс жерлерге аурулардың таралу қаупін азайту мақсатында өндіріс объектілерін сауықтырудың барлық уақыты ішінде кезең-кезеңімен жүргізеді.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Қорытынды дезинфекцияны өндіріс объектілерінде ауру жануарлардың бөлінуі тоқтағаннан кейін және инфекциялық аурулар қоздырғышының көзін жоюға кепілдік беретін іс-шаралар орындалғаннан кейін жүргізеді.»;

5. «Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларында :

2-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ветеринариялық препараттың сериясы (партиясы) – бір мезгілде дайындау процесінде бірдей жағдайда алынған, бір ыдыста араластырылған, бір жұмыс циклінде өлшеніп салынған, сериялық нөмірді және өндірістік бақылау нөмірін алған және препараттың сапасын куәландыратын белгіленген нысанда бір құжатпен ресімделген ветеринариялық препараттардың белгілі бір мөлшері;

4) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттама (бұдан әрі – НТҚ) – осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес құрылым бойынша ветеринариялық препаратқа, жемшөптік қоспаларға арналған ұйым стандартын немесе халықаралық стандарттарды, ветеринариялық препаратты, жемшөптік қоспаларды дайындау мен бақылау жөніндегі нұсқаулықты, ветеринариялық препаратты, жемшөптік қоспаларды қолдану (пайдалану

) жөніндегі нұсқауды (нұсқаулықты) қамтитын құжаттар топтамасы;»;

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) зертханалық және өндірістік сынақтың хаттамасын (актісін) қоса отырып, ветеринариялық препаратты, жемшөптік қоспаларды әзірлеу, түрлендіру, жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есепті.

Өтініш беруші осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген құжаттарға халықаралық стандарттарға (Good Manufacturing Practice – тиісті өндірістік тәжірибе) сәйкес ветеринариялық препараттардың өндірісін куәландыратын құжаттар бар болса

қ о с ы м ш а ұ с ы н а д ы . » ;

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда немесе дәйексіз мәліметтер ұсынған кезде өтініш берушіге құжаттарды қайтарады және ұсынылған құжаттардағы сәйкессіздіктерді жойғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. НТҚ сараптамасы ведомство айқындаған мемлекеттік ветеринариялық ұйымда НТҚ сараптамасын жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, жүргізіледі.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сапа көрсеткіштері және олардың ауытқу нормалары, орамдардың Қазақстан Республикасының, Кеден Одағының және Еуразиялық Экономикалық Кеңістігінің техникалық реттеу саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі;»;

16-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Өтініш беруші нормативтік-техникалық құжаттамаға енгізу жоспарланып отырған кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ведомствоға хабарлайды, және осы өзгерістердің себептері және олардың ветеринариялық препараттардың, жемшөптік қоспалардың тиімділігіне, қауіпсіздігіне және сапасына әсер етуі туралы толық ақпаратты, сондай-ақ растайтын құжаттарды (есептер, кестелер, спектрлер, хроматограммалар, зерттеулердің нәтижелері және басқалар) ұсынады.»;

6. «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық

инспекторы немесе оның орынбасарларының орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттауға, импорттауға рұқсат беруден бас тартуына мыналар негіз болып т а б ы л а д ы :

экспорттаушы елде, импорттаушы елде жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі;

арызда көрсетілген, экспорттаушы кәсіпорындарға (экспорттаушы кәсіпорындар тобына) қатысты уақытша шектеу шараларының енгізілуі.»;

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша орыс тілінде осы Қосымшаға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

7. «Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10223 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық ж ү й е с і н д е ж а р и я л а н ғ а н) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды карантиндеу қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Ветеринариялық бөлімше жеке және заңды тұлғалардан алынған ақпарат негізінде күнтізбелік 7 күннен асырмай тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының келісімі бойынша ветеринариялық бөлімшенің басшысы бекітетін жануарларды карантиндеудің жоспарын әзірлейді. Ветеринариялық бөлімшемен келісілген және бекітілген жануарларды карантиндеу жоспарының көшірмесі, бекітілген сәттен бастап 3 (үш) күннің ішінде тиісті ақпарат алған жеке және заңды тұлғаларға жолданады.»;

13-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жануарларды карантиндеу туралы ақпараттар ветеринариялық алдын-алу шараларын жазу журналына және жануарлар ауруларын тіркеу (егер ауру тіркелген жағдайда) «Ветеринариялық есеп пен есептілік нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 16-07/114 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бекітілген нысандағы Журналдарға енгізіледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Карантин қорытындысы бойынша және диагностикалық зерттеулер қорытындысын есепке ала отырып арнайы әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері эпизоотологиялық тексеру жүргізеді және үш жұмыс күні ішінде эпизоотиялық тексеру актісін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а т о л т ы р а д ы . » ;

жоғарыда көрсетілген Жануарларды карантиндеу қағидаларына қосымша осы Қосымшаға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8. «Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларында:

3-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: «Ішкі сауда объектілерінде тамақ өнімін сатып алған кезде сатып алушылардың (кәсіпкерлердің) ішкі сауда объектілерінің ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларында онда сатып алынған тамақ өнімінің күнін, түрін және мөлшерін сатып алушының (кәсіпкерлердің) тегін, атын әкесінің атын (бар болған жағдайда), тамақ өнімінің межелі объектісін көрсете отырып, сатып алынған өнімнің қауіпсіздігін растайтын сараптама актісінің көшірмесін (сынақ хаттамасын) алуына жол беріледі. Сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) көшірмесі ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүргізген уәкілетті адамның қолымен және ішкі сауда объектісінің сараптама зертханасының мөрімен расталады.»;

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Қосымшаға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9. «Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/31 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10505 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тіркеу куәлігінің мерзімі өткен ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары басқа елдерде тіркелген және Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағында қолдануға ұсынылған ветеринариялық препараттар және жемшөп қоспалары тіркеу сынағына жатады.

Ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының тіркеу сынақтары ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына арналған нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетілген бақылау әдістерін ескере отырып, жүзеге асырылады.»;

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Қосымшаға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10. «Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс

объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

жоғарыда көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Қосымшаға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11. «Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестіктігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/69 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10898 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) :

Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестіктігін растайтын құжаттар тізбесіне қосымша осы Қосымшаға 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестіктігін растайтын құжаттар тізбесіне қосымша осы Қосымшаға 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

1-қосымша

П р и л о ж е н и е 1
к Правилам выдачи разрешения на экспорт,
импорт и транзит перемещаемых
(перевозимых) объектов с учетом оценки
эпизоотической ситуации на
соответствующей территории

(наименование территориального
подразделения ведомства
уполномоченного органа)

от _____
(полное наименование юридического
лица, адрес, и учетного номера (код)
объекта производства, выданного

ведомством / фамилия, имя, отчество
(при его наличии) физического лица,
учетный номер (код)
Форма

Заявление

Прошу выдать Вас выдать разрешение на _____
(экспорт/импорт нужное указать)

1	наименование перемещаемого (перевозимого) объекта, количества перемещаемого (перевозимого) объекта, единицы его измерения;	
2	страна-экспортер (страна-импортер) и место происхождения перемещаемого (перевозимого) объекта;	
3	вид транспорта, предполагаемого к использованию при экспорте, импорте перемещаемого (перевозимого) объекта;	
4	маршрут следования перемещаемого (перевозимого) объекта, с указанием пунктов пропуска на государственной границе, через которые предполагается осуществлять провоз перемещаемого (перевозимого) объекта;	
5	цели экспорта, импорта (для живых животных – разведение и содержание, продажа, убой на мясо, для продукции – на реализацию, переработку, для кормов и кормовых добавок – вид животных, которым он предназначен);	
6	пункт назначения на таможенной территории Таможенного союза с указанием названия и номера объекта производства, осуществляющего хранение (переработку, реализацию) перемещаемого (перевозимого) объекта;	
7	даты и номера разрешения на ввоз на территорию Республики Казахстан или вывоз с территории Республики Казахстан видов животных, подпадающих под действие Конвенции о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения (далее – СИТЕС), в случае вывоза живых животных, охотничьих трофеев или легко узнаваемой от них части, или производного (деривата), в том числе тех, которые по документам, упаковочному ярлыку или маркировке, или по иным признакам являются или являются частями или производными (дериватами) животных, находящихся под угрозой исчезновения и подпадающих под действие СИТЕС;	
8	при экспорте ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок организаций - производителей с указанием страны происхождения и номер регистрационного удостоверения (дата регистрации, перерегистрации) и кормовых добавок, ветеринарных препаратов;	
9	описание перемещаемого (перевозимого) объекта;	
10	местонахождение объекта;	
11	условия карантина, производства, хранения перемещаемого (перевозимого) объекта.	

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) _____

ПОДПИСЬ

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

2-қосымша

Жануарларды карантиндеу

қағидаларына қосымша

Нысан

Эпизоотикалық зерттеудің актісі

(шаруашылық субъектісінің аты және оның мекен-жайы)

Мен _____

(эпизоотиялық зерттеу жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), лауазымы)

_____ эпизоотиялық зерттеу өтті
(эпизоотиялық зерттеу объектісінің атауы, мекен жайы)

Осыған орай белгіленді:
Жануарды сатып алу (әкелу, шаруашылық субъектісіне келтіру) барысында

(күні, айы, жылы)

Жануарларды карантиндеудің басы _____
(күні, айы, жылы)

Жануарларды карантиндеудің соңы _____
(күні, айы, жылы)

Шаруашылықтың мінездемесі (дербестеу, өсірілетін жануарлардың түрі) _____

Түрі мен жасына қарай топтарға бөліп, жекеленген нөмірін көрсетіп, карантиндеуге қойылған жануарлардың саны _____

Жануарлар қайдан әкелінді _____

Шаруашылық субъектіде бар жануарлар басынан карантинде табылатын жануарларды ұсталу өзгешелігі _____

Жануарларды тамақтандыру _____

Суат мінездемесі _____

Жайылым мінездемесі _____

Ағынды судың зарарсыздандырылуы _____

Көң қоймасы мен көңді жинау _____

жемшөпті сақтау және алдын ала дайындау_____

Залалсыздандыру шарттары мен жануардан шыққан өнімдерді тарату_____

Басқа да шаруашылық байланыстар (жүретін үлкен және өткін жолдардан, елді мекендерден, базар, қоқыс тастайтын жерден, ет комбинатынан, сүйектен ұн жасайтын зауыттардан ара қашықтығы)_____

Жануарларды жемшөптерімен қамтамасыз ету және жеткізу _____

Жануарларды карантинге қоюға дейін өткізілген диагностикалық зерттеулері (арудың атауы, өткізген уақыты және нәтижесі)

Жануарларды карантинтеуге қоюға дейін өткізілген өндеу шаралары (арудың атауы, өткізілген күні, дәрінің атауы, вакцина, қолдану жолы)_____

Жануарлар құрылыстарының тұрғын үйлерден алыстатылуы. Бөгде тұлғалармен қатынастан олар қалай қоршалған

Бөгде тұлғалардың келу жиілігі_____

Қараусыз ит пен мысықтардың болуы_____

Шаруашылық жүргізу субъектісіне ветеринарлық-санитарлық мінездеме

Ветеринария саласындағы мамандардың саны_____

Ветеринариялық арнайы жұмыс киімімен, шаруашылық – дезинфекциялау құралдарымен, ветеринариялық препараттармен қамтамасыз ету. Оларды сақтау шарттары_____

Басқа ветеринарлық-санитарлық объектілердің бар болуы (санпропуск, кедергі, өткізу орны)_____

Жануарларға арналған жайларға мінездеме_____

Көңкетіру механизмінің, жылутасу, кіріп - сорып шығаратын

вентиляциялық система жұмысы _____

Шаруашылық объектінің қызмет көрсететін персоналмен жинақталуы _____

Жануарлардың сайрандауы, жуындырылуы, тазалануы қалай өтеді? _____

Тышқантәріздес кеміргіштердің бар болуы және олармен күресудің шаралары _____

Шаруашылық субъектінің эпизоотикалық мән-жайы _____

Карантиндеу кезінде эпизоотияға және профилактикалық іс-шараларға берілетін мінездеме

Карантиндеу кезінде өткізген, жануарлардың диагностикалық зерттеулері (арудың атауы, өткізілген күні және жануарлар түрлерінің нәтижесі) _____

Жануарлардың ветеринарлық байқауы _____

Карантиндеу жоспарына сәйкес өткізілген ветеринарлық шараларға сипаттама беру _____

Қосымша ақпарат (ауру жануарлардың, ауру деп күдік келтірілген жануарларды әшкерелеген жағдайда) _____

Қ о р ы т ы н д ы

Профилактикалық шаралардың және эпизоотияға қарсы өткізілген шаралардың тиімділігі _____

Жануарларды карантиндеу нәтижесі (аяқталуы, созылуы) _____

Жануарларды карантиндеу кезеңінің созылу мерзімін және себебі _____

Қосымша ұсынылған эпизоотияға қарсы профилактикалық шаралар _____

Мемлекеттік ветеринарлық дәрігер _____

(әкімшілік - аумақтық бірліктің атауы)
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

3-қосымша

Сараптама актісін
(сынақ хаттамасын)
беру қағидаларына

қосымша

Н ы с а н / Ф о р м а

Зерттеулер жүргізген ветеринариялық
зертхананың атауы, белгілер және аккредитация
жөніндегі деректер (бар болған жағдайда),
мекенжайы, телефондары
Беткі жағы/Лицевая сторона
**Сараптама актісі (сынақ хаттамасы)/Акт экспертизы
(протокол испытаний)**

№ _____ от « _____ » _____ 20__ года

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді зерттеуге әкелген жеке және заңды тұлғаның атауы және мекен-жайы/Наименование и адрес физического или юридического лица владельца перемещаемого (перевозимого) объекта.	
Сынама атауы тип, марка, серия/Наименование образца, тип, марка, серия:	
Үлгінің зерттеуге түскен күні/Дата поступления образца на испытание:	
Үлгі алынған күн/Дата отбора образца	
Дайындаушы (ел, фирма)/Изготовитель (страна, фирма):	
Партия өлшемі, сынама саны, салмағы/Размер партии, количество проб, масса:	

Нормативтік құжатын көрсету/Обозначение нормативного документа:	
Зерттеулер жүргізілген күн/Дата проведения испытаний:	
Зерттеулер түрі/Вид испытаний:	

Сырт жағы/Оборотная страница

Жүргізілген сараптамалар (зерттеулер) нәтижелері/Результаты экспертизы (испытаний) № _____ :

№ п/п	Зерттеулер/сынақтар а т а у ы / Наименование исследований/ испытаний	Зерттеу/сынама әдістемесіне нормативтік құжат/Нормативный документ на методы исследований/испытаний	Көрсеткіштердің нормадағы мәні/ Нормируемые значения показателей*	Зерттеулер/сынақтар нәтижелері/ Результаты исследований/ испытаний
	1	2	3	4

Қолданылған бақылау материалдары диагностикаумдар/Примененные контрольные материалы (диагностикаумы).

Зерттеулер жүргізілген шарттары/Условия проведения испытаний:

Сараптама (Зерттеу) қорытындысы тек зерттелген үлгіге қатысты/Результаты экспертизы (испытаний) относятся только к испытанным образцам.

Е с к е р т п е / П р и м е ч а н и е :

сараптама актісі (сынақ хаттамасы) рәсімделгенде жануарларауруларына диагностикалық зерттеу жүргізілгенде толтырылмайды/при оформлении акта экспертизы (протокола испытаний) по проведенным диагностическим исследованиям болезней животных не заполняется.

уәкілетті тұлғаның (лардың) қолы (қолдары)
подпись (подписи) уполномоченного(ых) лица _____

қ о л ы / п о д п и с ь

тегі аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)/фамилия имя отчество
(при наличии)

ветеринариялық зертхананың мөрі
печать ветеринарной лаборатории

Осы сараптама актісі (сынақ хаттамасын) зерттеу/сынақ жүргізілген ветеринариялық зертхананың рұқсатынсыз жартылай немесе толықтай көшіруге тираждауға болмайды.

Настоящий акт экспертизы (протокол испытаний) не возможно полностью или частично воспроизвести или тиражировать без разрешения ветеринарной лаборатории, проводившей исследования/испытания.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-4/822 бұйрығына қосымшаға

4-қосымша

Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді
жүргізу қағидаларына

4-қосымша

Нысан/Форма

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті**

Тіркеу куәлігі № ____

Осы куәлік _____
(Заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның

тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))
Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларды мемлекеттік тіркеуді
жүргізу қағидаларына сәйкес ветеринариялық препарат, жемшөп қоспалар

(ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспалардың жалпы қабылданған
с а у д а а т а у ы)

нысанда _____
(ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспалардың дәрілік
н ы с а н ы н к ө р с е т у)

арналуы _____ берілді
(қолдану аясын көрсету)

Өндіруші _____
(өндірушінің атауы, мекенжайы)

Қазақстан Республикасында № _____ тіркелді
(тіркеу нөмірі)

20 ____ жылы. « ____ » _____ бастап, _____ дейін
(тіркелген күні) (тіркеу мерзімі)

Осы тіркеу куәлігі ветеринариялық препараттарды сатып алу бойынша
міндетті және сапа сертификаты болып табылмайды

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Мөр орны

Сырт жағы/Оборотная сторона

Нысан/Форма

**Комитет ветеринарного контроля и надзора
Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан**

Регистрационное удостоверение № _____

Выдано настоящее удостоверение _____

(наименования юридических лиц,

_____ фамилия, имя, отчество (при его наличии) физического лица)
в том, что препарат, кормовые добавки в соответствии с Правилами
проведения государственной регистрации ветеринарных препаратов,
кормовых добавок _____

(общепринятое торговое наименование ветеринарного
препарата, кормовой добавки)

в форме _____

(указать лекарственную форму ветеринарного препарата,
кормовой добавки)

предназначенный _____

(указать сферу применения)

Производитель _____

(наименование и адрес производителя)

Зарегистрирован в Республике Казахстан за № _____

(номер регистрации)

от « ____ » _____ 20__ года, до _____

(дата регистрации) (срок регистрации)

Данное регистрационное удостоверение не является обязательством по
закупке ветеринарного препарата и сертификатом качества

Руководитель _____

(подпись) (фамилия имя отчество (при его наличии))

Место печати

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

5-қосымша

Приложение 4
к Правилам проведения государственной
регистрации ветеринарных препаратов,
кормовых добавок

Нысан/Форма

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті**

Тіркеу куәлігі № ____

Осы куәлік берілді _____
(заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))
себебі препарат, жемшөп қоспалары _____
(ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспалары саудадағы атауы)

Нысанда _____
(ветеринариялық препараттың, жемшөп қоспалардың дәрілік
н ы с а н ы н к ө р с е т у)

Қолдануы _____ берілді
(қолдану аясын көрсету)

Өндіруші _____
(өндірушінің атауы, мекен жайы)

Қазақстан Республикасында _____ тіркелді
№ _____ «__» 20_____ жылы, _____ дейін
(тіркеу нөмірі) (тіркелген күні) (тіркеу мерзімі)

Осы тіркеу куәлігі ветеринариялық препараттарды сатып алу бойынша
міндеттемейді және сапалық сертификат орнына жүрмейді

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Мөр орны _____

Оборотная сторона/Сырт жағы

Нысан/Форма

**Комитет ветеринарного контроля и надзора
Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан
Регистрационное удостоверение № ____**

Выдано настоящее удостоверение _____
(наименования юридических лиц,

_____ фамилия, имя, отчество (при его наличии) физического лица)
в том, что препарат, кормовые добавки в соответствии с Правилами
проведения государственной регистрации ветеринарных препаратов,
кормовых добавок _____
(общепринятое торговое наименование ветеринарного
препарата, кормовой добавки)

в форме _____

(указать лекарственную форму ветеринарного препарата,
кормовой добавки)

предназначенный _____

(указать сферу применения)

Производитель _____

(наименование и адрес производителя)

Зарегистрирован в Республике Казахстан за № _____

(номер регистрации)

от « ____ » _____ 20__ года, до _____

(дата регистрации) (срок регистрации)

Данное регистрационное удостоверение не является обязательством по закупке ветеринарного препарата и сертификатом качества

Руководитель _____

(подпись) (фамилия имя отчество (при его наличии))

Место печати

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

6-қосымша

Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды, қайта
өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын
өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын
өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру қағидаларына

1-қосымша

**Есептік нөмір код, қосылатын қызмет түрінен және шаруашылық
обектісінің нөмірінен тұрады**

Өндіріс объектілерінің қызмет түрінің кодтары

р/с №	Қызмет түрі	Коды
1	Жануарлар мен құс өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері	К
2	Жануарларды дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:	
	етті қайта өңдеуші кәсіпорындар;	U1
	сою пункттері;	U2
	сою алаңдары;	U3

	құсты қайта өңдеуші кәсіпорындар	U4
3	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:	
	ет;	G1
	балық және балық өнімдері;	G2
	бал және ара шаруашылығы өнімдері;	G3
	жануарлардан алынатын шикізат	G4
	Сүт және сүт өнімдері	G5
4	Ветеринариялық препараттарды сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	Y
5	Ветеринариялық препараттарды өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	V
6	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын объектілер	W
7	Жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіруді, сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	O

Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік кодтары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі

р/с №	коды	Атауы
1	2	3
1	KZ	Қазақстан Республикасы
2	C	Ақмола облысы
3	01	Ақкөл ауданы
4	02	Аршалы ауданы
5	03	Астрахан ауданы
6	04	Атбасар ауданы
7	05	Бұланды ауданы
8	06	Көкшетау қаласы
9	07	Степногорск қаласы
10	08	Егіндікөл ауданы
11	09	Еңбекші ауданы
12	10	Ерейментау ауданы
13	11	Есіл ауданы
14	12	Жақсы ауданы
15	13	Жарқайың ауданы
16	14	Зеренді ауданы
17	15	Қорғалжын ауданы
18	16	Сандықтау ауданы
19	17	Целиноград ауданы
20	18	Шортанды ауданы
21	19	Щучье ауданы
22	B	Алматы облысы

23	01	Ақсу ауданы
24	02	Алакөл ауданы
25	03	Балқаш ауданы
26	04	Еңбекшіқазақ ауданы
27	05	Ескелді ауданы
28	06	Жамбыл ауданы
29	07	Іле ауданы
30	08	Қарасай ауданы
31	09	Қаратал ауданы
32	10	Кербұлақ ауданы
33	11	Көксу ауданы
34	12	Панфилов ауданы
35	13	Райымбек ауданы
36	14	Сарқант ауданы
37	15	Талғар ауданы
38	16	Ұйғыр ауданы
39	17	Қапшағай қаласы
40	18	Талдықорған қаласы
41	19	Текелі қаласы
42	D	Ақтөбе облысы
43	01	Әйтеке би ауданы
44	02	Алға ауданы
45	03	Байғанин ауданы
46	04	Ақтөбе қаласы
47	05	Ырғыз ауданы
48	06	Қарғалы ауданы
49	07	Мәртөк ауданы
50	08	Мұғалжар ауданы
51	09	Темір ауданы
52	10	Ойыл ауданы
53	11	Қобда ауданы
54	12	Хромтау ауданы
55	13	Шалқар ауданы
56	E	Атырау облысы
57	01	Атырау қаласы
58	02	Жылыой ауданы
59	03	Индер ауданы
60	04	Исатай ауданы
61	05	Қызылқоға ауданы
62	06	Құрманғазы ауданы
63	07	Мақат ауданы

64	08	Махамбет ауданы
65	F	Шығыс Қазақстан облысы
66	01	Өскемен қаласы
67	02	Аягөз қаласы
68	03	Зыряновск қаласы
69	04	Курчатов қаласы
70	05	Семей қаласы
71	06	Риддер қаласы
72	07	Абай ауданы
73	08	Аягөз ауданы
74	09	Бесқарағай ауданы
75	10	Бородулиха ауданы
76	11	Глубокое ауданы
77	12	Жарма ауданы
78	13	Зайсан ауданы
79	14	Зырян ауданы
80	15	Катон-Қарағай ауданы
81	16	Көкпекті ауданы
82	17	Күршім ауданы
83	18	Тарбағатай ауданы
84	19	Ұлан ауданы
85	20	Үржар ауданы
86	21	Шемонаиха ауданы
87	H	Жамбыл облысы
88	01	Байзақ ауданы
89	02	Жамбыл ауданы
90	03	Жуалы ауданы
91	04	Қордай ауданы
92	05	Мерке ауданы
93	06	Мойынқұм ауданы
94	07	Т.Рысқұлов ауданы
95	08	Сарысу ауданы
96	09	Талас ауданы
97	10	Шу ауданы
98	11	Тараз қаласы
99	L	Батыс Қазақстан облысы
100	01	Ақжайық ауданы
101	02	Бекейорда ауданы
102	03	Бөрлі ауданы
103	04	Жаңақала ауданы
104	05	Жәнібек ауданы

105	06	Зеленов ауданы
106	07	Қазталов ауданы
107	08	Қаратөбе ауданы
108	09	Сырым ауданы
109	10	Тасқала ауданы
110	11	Теректі ауданы
111	12	Шыңғырлау ауданы
112	13	Орал қаласы
113	Р	Қостанай облысы
114	01	Алтынсарин ауданы
115	02	Аманкелді ауданы
116	03	Әуликөл ауданы
117	04	Денисовка ауданы
118	05	Жангелді ауданы
119	06	Жітіқара ауданы
120	07	Қамысты ауданы
121	08	Қарабалық ауданы
122	09	Қарасу ауданы
123	10	Қостанай ауданы
124	11	Меңдіқара ауданы
125	12	Наурызым ауданы
126	13	Сарыкөл ауданы
127	14	Таранов ауданы
128	15	Ұзынкөл ауданы
129	16	Федоров ауданы
130	17	Қостанай қаласы
131	18	Арқалық қаласы
132	19	Лисаковск қаласы
133	20	Рудный қаласы
134	М	Қарағанды облысы
135	01	Абай ауданы
136	02	Ақтоғай ауданы
137	03	Бұхар-Жырау ауданы
138	04	Жаңаарқа ауданы
139	05	Қарқаралы ауданы
140	06	Нұра ауданы
141	07	Осакаров ауданы
142	08	Ұлытау ауданы
143	09	Шет ауданы
144	10	Қарағанды қаласы
145	11	Балқаш қаласы

146	12	Жезқазған қаласы
147	13	Қаражал қаласы
148	14	Приозерск қаласы
149	15	Саран қаласы
150	16	Сәтпаев қаласы
151	17	Теміртау қаласы
152	18	Шахтинск қаласы
153	N	Қызылорда облысы
154	01	Арал ауданы
155	02	Қазалы ауданы
156	03	Қармақшы ауданы
157	04	Жалағаш ауданы
158	05	Сырдария ауданы
159	06	Шиелі ауданы
160	07	Жаңақорған ауданы
161	08	Қызылорда қаласы
162	09	Байқоңыр қаласы
163	R	Маңғыстау облысы
164	01	Бейнеу ауданы
165	02	Қаракия ауданы
166	03	Маңғыстау ауданы
167	04	Түпқараған ауданы
168	05	Ақтау қаласы
169	06	Жаңаөзен қаласы
170	07	Мұнайлы ауданы
171	S	Павлодар облысы
172	01	Павлодар қаласы
173	02	Ақсу қаласы
174	03	Екібастұз қаласы
175	04	Ақтоғай ауданы
176	05	Баянауыл ауданы
177	06	Железинка ауданы
178	07	Ертіс ауданы
179	08	Қашыр ауданы
180	09	Лебяжье ауданы
181	10	Май ауданы
182	11	Павлодар ауданы
183	12	Успен ауданы
184	13	Шарбақты ауданы
185	T	Солтүстік Қазақстан облысы
186	01	Айыртау ауданы

187	02	Ақжар ауданы
188	03	Аққайың ауданы
189	04	Есіл ауданы
190	05	Жамбыл ауданы
191	06	М. Жұмабаев ауданы
192	07	Қызылжар ауданы
193	08	Мамлют ауданы
194	09	Ғ. Мүсірепов ауданы
195	10	Тайынша ауданы
196	11	Тимирязев ауданы
197	12	Уәлиханов ауданы
198	13	Шал ақын ауданы
199	14	Петропавл қаласы
200	X	Оңтүстік Қазақстан облысы
201	01	Арыс ауданы
202	02	Бәйдібек ауданы
203	03	Қазығұрт ауданы
204	04	Мақтаарал ауданы
205	05	Ордабасы ауданы
206	06	Отырар ауданы
207	07	Сайрам ауданы
208	08	Сарыағаш ауданы
209	09	Созақ ауданы
210	10	Төлеби ауданы
211	11	Түлкібас ауданы
212	12	Шардара ауданы
213	13	Шымкент қаласы
214	14	Арыс қаласы
215	15	Түркістан қаласы
216	16	Кентау қаласы
217	A	Алматы қаласы
218	01	Алатау ауданы
219	02	Алмалы ауданы
220	03	Әуезов ауданы
221	04	Бостандық ауданы
222	05	Жетісу ауданы
223	06	Медеу ауданы
224	07	Түріксіб ауданы
225	08	Наурызбай ауданы
226	Z	Астана қаласы
227	01	Алматы ауданы
228	02	Есіл ауданы

Е с к е р т п е :

Есептік нөмір белгілерден құралады және мынадай құрылымы бар:
 бірінші белгі - елдің коды - KZ;
 екінші белгі – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың,
 астананың) литерлік коды;
 үшінші белгі – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік
 н ө м і р і ;
 төртінші белгі - өндіріс объектісінің қызмет түрінің коды;
 бесінші белгі - өндіріс объектісінің реттік нөмірі;
 алтыншы белгі - Е (экспорттаушылар үшін).
 Мысалы: KZ C.01/G1-0001/EKZ - елдің коды;
 C - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың,
 астананың) литерлік коды;
 01 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коды (реттік
 н ө м і р і) ;
 G1 - өндіріс объектісінің қызмет түрі;
 0001 - өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

Е - экспорттаушы.

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2015 жылғы 16 қыркүйектегі
 № 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

7-қосымша

Ветеринария саласындағы
 қызметке қойылатын біліктілік
 талаптарын және оларға сәйкестіктігін
 растайтын құжаттар тізбесіне

қосымша

Ветеринариялық бағыттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін мәліметтің үлгісі

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігер берген ветеринариялық талаптармен және технологиялық құрал-жабдықтарын жинақтау нормативтерімен сәйкестігі туралы ветеринариялық санитариялық қорытынды туралы мәлімет:
 Бірдейлендіру нөмірі _____

2. Өндірілетін ветеринариялық препараттың техникалық шарттарына

сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіруге арналған технологиялық, өлшеу және сынау жабдықтары; өндірілетін ветеринариялық препараттардың сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін құрал-жабдықтармен жабдықталған аккредиттелген зертханалар немесе көрсетілген зертханалары бар ұйымдардың сынау жұмысын орындау (қызмет көрсету) туралы шарттар:

1) әзірлеуші зауыттардың құрал-жабдықтарға пайдалану куәлігінің деректері:

куәліктің нөмірі _____

берілген күні _____

куәлікті берген орган _____

құрал-жабдықтың қолдануы _____

2) «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тексеруден және/немесе калибрлеуден өту туралы растауы: нөмір _____

берілген күні _____

сертификатты берген орган _____

сертификаттың жарамдылық мерзімі _____ дейін;

3) зертхананың аккредитациядан өткені немесе аккредиттелген зертханамен жасасқан шарт туралы мәлімет: нөмір _____

берілген күні _____

аккредитация туралы берген орган _____

құжаттың жарамдылық мерзімі _____ дейін;

келісім-шарттың нөмірі _____

қорытындының күні _____

келісім-шарттың жарамдылық мерзімі _____

3. Ветеринариялық препараттарды өндіруді регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы:

1) ветеринариялық препарат өндіру бойынша мекеменің стандарты, өндіруші басшымен бекітілген өндірілетін ветеринариялық препаратқа техникалық жағдай (иә/жоқ);

2) мекеме басшысымен бекітілген, ветеринариялық препаратты қолдану (іске асыру) бойынша басшылық (иә/жоқ);

3) өндірістік және бақылау микроорганизм штамдарына куәлік: штамның қолданылуы _____

штаммның нөмірі _____

шартты көрсету _____

штамм кіммен алынды _____
алынған күні _____
штамм қайсы жануардан алынды _____
штамм қайсы мекемеден алынды _____
материалдың мінездемесі _____

(тұрақтаудың түрі, бөлшектеп өлшеуі, әдісі) _____
серологиялық қасиеті _____
титрлеу нәтижесі _____

4. Заңды тұлғалар үшін: басшылар мен мамандардың білікті
қ ұ р а м ы :

тікелей ветеринариялық препаратты өндірумен айналысатын және өндірістік бақылау бөлімшелерінде, «ветеринариялық медицина», «ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) «ветеринария» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі бар мамандар (кемінде бір ветеринариялық дәрігер немесе фельдшер); тікелей ветеринариялық препаратты өндірумен айналысатын және өндірістік бақылау бөлімшелерінде, биотехнологиялық, химиялық немесе биологиялық жоғары немесе орташа білімі бар мамандар; тікелей ветеринариялық препаратты өндірумен айналысатын бөлімшелер басшыларының және/немесе өндірістік бақылау бөлімшесі қызметкерінің мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі, соңғы 5 жылда мамандануы немесе біліктілігін жетілдіруі және біліктілігін арттырудың басқа түрлері. Жеке тұлғалар үшін: «ветеринариялық медицина», «ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім және (немесе) «ветеринария» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білім; мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі, соңғы 5 жылда мамандануы немесе біліктілігін жетілдіруі және біліктілігін арттырудың басқа түрлері:

1) техникалық басшылар және мамандар құрамының біліктілігі туралы мәлімет:

жоғарғы оқу орнының атауы _____
мамандық және біліктілік _____
жоғары/орта білімі туралы және қызмет түрінің лицензиялау профілі бойынша дипломның нөмірі _____
дипломның берілген күні _____

2) маманданудан/біліктілігін жоғарылатудан өткені туралы куәлік: мамандану/біліктілігін жоғарылату өткен мекеменің атауы _____

тәртіп _____
сертификаттың нөмірі _____
сертификаттың берілген күні _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 7-1/822 бұйрығына қосымшаға

8-қосымша

Ветеринария саласындағы
қызметке қойылатын біліктілік
талаптарын және оларға
сәйкестіктігін растайтын
құжаттар тізбесіне

қосымша

**Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа
ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі
ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін
мәліметтің үлгісі**

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігер берген ветеринариялық талаптармен және технологиялық құрал-жабдықтарын жинақтау нормативтерімен сәйкестігі туралы ветеринариялық санитариялық қорытынды туралы мәлімет: Бірдейлендіру нөмірі _____

2. Сынау әдістерін регламенттейтін нормативтік құжаттар, сондай-ақ «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тексеруден және (немесе) калибрлеуден өткен, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізуге арналған өлшеу, сынау жабдықтары:

1) стандарттар, методикалық нұсқамалар (иә/жоқ)

2) өтініш берушінің қолымен расталған, құрал-жабдықтарға өндіруші-зауыттардың қолданыс куәліктерінен мәлімет:

куәліктің нөмірі _____

берілген күні _____

куәлік берген орган) _____

құрал-жабдықтың қолданылуы _____

3) «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тексерілген және/немесе калибрлеуден өту туралы растауы:

нөмір _____

берілген күні _____

сертификатты берген орган _____

сертификаттың жарамдылық мерзімі _____ дейін;

3. Заңды тұлға басшысының «ветеринариялық медицина», «ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі.

Заңды тұлғаның немесе заңды тұлғаның мамандандырылған бөлімшесінің штатында: ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасында «ветеринариялық медицина», «ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) «ветеринария» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі бар (кемінде бір ветеринариялық дәрігер немесе фельдшер), соңғы 5 жылда мамандануы немесе біліктілігін жетілдіруі және біліктілігін арттырудың басқа түрлері:

1) техникалық басшылар және мамандар құрамының біліктілігі туралы мәлімет:

мамандық және біліктілік _____

жоғары/орта білімі туралы және қызмет түрінің лицензиялау профилі бойынша дипломның нөмірі _____

дипломның берілген күні _____

2) маманданудан/біліктілігін жоғарылатудан өткені туралы куәлік:

мамандану/біліктілігін жоғарылату өткен мекеменің атауы _____

тәртіп _____

сертификаттың нөмірі _____

сертификаттың берілген күні _____